

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Примжанова А.А., аға оқытушы, amina.abutalipovna@mail.ru

Ахметова Г.Я., аға оқытушы, gulnaz270183@mail.ru

Еримбетова Б.А., экономика ғылымдарының магистрі, bekzat91@mail.ru

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация.

Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы жергілікті бюджеттердің құқықтық реттелу мәселелері кешенді түрде талданады. Нарықтық экономика жағдайында бюджет жүйесінің жергілікті деңгейлеріндегі мемлекеттік басқару органдарының қаржылық құзыреттерін айқындаудың маңызы қарастырылады. Жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстарының құрылымын қалыптастыру, бюджетаралық қатынастарды реттеу, сондай-ақ жергілікті атқарушы және өкілді органдардың бюджеттік өкілеттіктерінің мазмұны мен ерекшеліктері ашып көрсетіледі.

Кілт сөздер. Жергілікті бюджеттер, бюджеттік құқық, бюджеттік құрылыс, бюджет жүйесі, бюджеттік құзырет, жергілікті мемлекеттік басқару, бюджетаралық қатынастар, қаржылық құқық.

Аннотация.

В данной статье комплексно анализируются вопросы правового регулирования местных бюджетов в Республике Казахстан. Рассматривается значение определения финансовых полномочий органов государственного управления на местных уровнях бюджетной системы в условиях рыночной экономики. Раскрываются особенности формирования структуры доходов и расходов местных бюджетов, регулирования межбюджетных отношений, а также содержание и специфика бюджетных полномочий местных исполнительных и представительных органов.

Ключевые слова: местные бюджеты, бюджетное право, бюджетное устройство, бюджетная система, бюджетная компетенция, местное государственное управление, межбюджетные отношения, финансовое право.

Кіріспе. Нарықтық кезең жағдайындағы Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің жергілікті деңгейлеріндегі мемлекеттік басқару органдарының қаржылық құзыреттерін айқындау арқылы тиісті жергілікті бюджеттің кірістері мен шығыстарының құрылымын ұтымды белгілеу мүмкіндігі туындайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бюджет жүйесінің жергілікті деңгейлеріндегі мемлекеттік басқару органдары өз әкімшілік аумақтық бірлігінің бюджеттік құзыретінен туындаған өздеріне тән бюджеттік құзыретіне сай иерархиялық тәртіпті сақтай отырып, (жергілікті бюджеттер) ауқымында бюджеттік реттеу ықпал ету жүйесін қалыптастырады. Жергілікті бюджеттердің мемлекеттік басқарудың ұйымдастырылу құрылымының негізін өз құзырында басқаруға байланысты қажетті қаржылық құқықтық тетіктерді жұмылдырылған жергілікті атқарушы органдар – әкімдіктер құрайды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Мемлекеттік бюджеттік құрылыс өте күрделі құрылымды институт болып саналады. Бұл ретте мемлекеттік бюджетке және бюджет жүйесіне, сондай-ақ соларды қалыптастыруға, жетілдіруге, құқықтық реттеуге байланысты қаржылық құқықтық мән жайлар күрделі құбылыс болып табылады.

Мемлекеттік бюджет әр түрлі және әр деңгейдегі бюджеттердің, яғни республикалық бюджетпен жергілікті бюджеттердің жиынтығынан құралады. Осы бюджеттер белгілі тәртіпке келтіріліп, ұйымдастырылған кезде көптеген экономикалық қатынастардың, бюджет аралық өзара қарым-қатынастар мен байланыстардың тиісті құқықтық нормаларға негізделініп, жүйеленген яғни бюджеттік құрылыстың қалыптасқанын көреміз.

Зерттеуші Ю.А.Крохина бюджеттік құрылыс жөнінде былай дейді: «Бюджеттік құрылыс бюджет жүйесінің құрамын, оның құрылысының бастапқы негіздерін, бюджет жүйесі деңгейлеріндегі бюджеттердің құқықтық жағдайларын көрсетеді. Бюджеттік құрылыс елдің ұлттық мемлекеттік және әкімшілік және аумақтық құрылысы мен айқындалатын

бюджеттердің ішкі жиынтығын, түрлерін және өзара байланысының принциптерін білдіреді. Бюджеттік құрылыстың маңызды белгісі оның мемлекеттік типі мен нысанына шарттылануы болып табылады».

Республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттер бюджет жүйесінің экономикалық негізі (базисі) болып табылады. Республикалық бюджет мемлекеттік бюджет жүйесінің маңызды дербес орталық бөлігі болып есептеледі. Өйткені, аталған бюджетте жалпы мемлекеттік сипаттағы шығыстарды қаржыландыруға қажетті бюджеттік ресурстар шоғырландырылады және осы бюджет арқылы ұлттық табысты мемлекет аумағында, яғни әкімшілік-аумақтық құрылымдарда бөлу процесі жүргізіледі[1].

Жергілікті бюджеттер де бюджет жүйесінің елеулі бөлігі болып саналады және оның қаражаттары негізінен тиісті аумақтарда білім беру, денсаулық сақтау, басқару салалары мен әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсалады.

Бюджеттік құрылыс бюджет жүйесінен (құбылыстың статистикасы) және бюджеттік реттеуден (құбылыстың динамикасы) тұрады. Құрылыстың өзін қандай болмасын құралымдардың, бөліктердің өзара қозғалыстағы жүйесі ретінде сипаттауға болады.

Бюджеттік құрылыс мемлекеттің құрылысы арқылы анықталады. Мемлекеттің бюджеттік құрылысының негізіне бюджет жүйесі жатады. Мемлекеттің бюджеттік құрылысында бюджет жүйесін құруды ұйымдастыру, оның құрылуының негізінде жатқан қағидаттарды айқындау, басқада элементтердің өзара іс-қимыл байланыстарын қалыптастыру процестері қолға алынып, жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда мемлекеттің бюджеттік-реттеуші функциясы кемеліне келіп тұрған сияқты және әліде осы аталған функцияның қоғамдық мемлекеттік тыныс тіршілікке сай ұлғаю тенденциясы байқалады. Осыған байланысты мемлекеттің бюджет жүйесі экономиканы мемлекеттік басқарудың ең басты буыны болып саналады. Бюджеттің, сондай-ақ онымен тығыз байланысқан салық жүйесінің және салықтық жеңілдіктердің көмегімен мемлекет тауар өндірушілерге реттеуші ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесіне назар аударсақ, оның мемлекеттік қаржылар аясы ретінде негізінде мемлекеттік бюджеттен тұратынын көреміз. Осы мемлекеттік бюджет еліміздің орталықтандырылған ақша қаражаттары қорларын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі бюджеттік қатынастар болып табылады.

Бюджеттік қатынастар мемлекеттің қаржы саясатына, еліміздің әлеуметтік-мәдени дамуына және шаруашылық жүргізу тәсіліне тәуелді болып, көбінесе салықтар мен өзгеде міндетті төлемдер түріндегі ұлттық табыстың белгілі бөлігін мемлекет қармағына оқшауландыру және оны қоғамдық мақсаттарға пайдалану процестеріне байланысты болады.

Бюджет жүйесі көптеген элементтерден тұрып, олар бір-бірі мен тығыз байланыста болады және бюджет жүйесінің сол кезеңдегі даму ерекшеліктерімен негізделіп, сипатталады. Осыған орай жергілікті бюджеттер жүйесі деп, әр деңгейдегі және әр түрлі жергілікті бюджет процесін ұйымдастырудың, жергілікті бюджеттік қатынастардың, жергілікті бюджеттік бақылау нысандары мен әдістерінің жиынтығын, сондай-ақ тиісті заң актілері негізінде белгіленетін бюджеттік құзыреттерін жергілікті бюджеттік қызмет аясында жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүйесін айтуға болады[2].

Жергілікті бюджеттер жүйесіне айтарлықтай ықпалын тигізетін құбылыстар ретінде жергілікті бюджеттің кіріс бөлігін тиімді қалыптастыру жөніндегі кешенді шараларға: салық салу механизмінен жеңілдету; салық салмағын азайту; заңды және жеке тұлғалардың кірістерін нақты анықтау жөніндегі механизмді әзірлеп, енгізу; келісім-шарттар мен төлем тәртіптерін нығайту; жекелендірілетін негізгі қорлардың құндарын негіздей отырып бағалау; салық төлеуден жалтару проблемаларын бақылауды күшейту арқылы шешуді жатқызамыз. Аталған шаралардың бәрі жергілікті бюджеттер жүйесі мен тығыз байланыстырылуы тиіс.

Сонымен қатар жергілікті бюджеттер жүйесін салық жүйесінде жиі болатын өзгерістерді ескере отырып республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттердің кірістерін қалыптастырудың әр түрлі бөлек жолдарын қарастырып дайындау арқылы жергілікті бюджеттер жүйесін ұтымды реттеу механизмінен негіздеу мақсатында сай тиімді әрекет болып

табылады. Жергілікті бюджеттер жүйесінің қаржылық ресурстарды қалыптастыруға тигізетін ықпалын бағалайтын жүйесні құруда қаржылық органдарға бюджеттердің кірістерін күнделікті басқаруға жағдай жасайды.

Жергілікті бюджеттердің экономикалық және құқықтық мән жайын зерттеген ғалымдар әр түрлі пікір, көзқарастарын білдірген[3].

Л.Л. Игонина: «Муниципалдық құрылыстың қаржы жүйесінің негізі жергілікті бюджет болып табылады. Жергілікті бюджетте муниципалдық билік органдарының жергілікті маңызы бар мәселелер саласындағы барлық экономикалық, әлеуметтік саяси және ұйымдастыру шешімдері көрініс табады. Муниципалды құрылыс бюджеті (жергілікті бюджет) муниципалдық органдардың міндеттері мен функцияларын қамтамасыз етуге арналған ақша қаражаттарын құру және жұмсау нысанын білдіреді» деп пайымдаған.

Н.И.Химичева: «жергілікті бюджет жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді билік органы бекітетін, муниципалдық құрылыстың орталықтандырылған ақша қорын құрудың, бөлудің және пайдаланудың негізгі қаржылық жоспары; жергілікті бюджет жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік билік органдарының қарамағындағы муниципалдық құрылыс ауқымында орталықтандырылған ақша қоры» деген және басқа да аспектілерді айқындаған.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың бюджеттік құзыреттері деп тиісті заңдармен белгіленген ауқымда, өз әкімшілік-аумақтық бірліктерінде өздерінің дербес бюджеттерін қалыптастыру, бөлу және жұмсау жөніндегі өкілеттіліктерін айтамыз [4].

Осы бюджеттік құзыреттің негізгі мәнін мынадай бюджеттік құқықтар құрайды:

- дербес, өз бюджетіне ие болу құқығы;
- тұрақты бекітілген және реттеуші кірістерді, әр түрлі трансферттерді алу құқығы;
- алынған кірістері мен түсімдерді өз бюджетіне қосу құқығы;
- өз бюджеті қаражатының есебінен мемлекеттің мұқтаждықтарын қаржыландыру құқығы;
- өз бюджеттері шығыстарының басты бағыттарын өз ұйғарымы бойынша белгілеу жөніндегі;
- өз бюджеттерінің кірістерін өз әкімшілік аумақтары арасында бөлу құқығы;
- өз бюджеттері шеңберіне (көлемінде) мақсатты және резервтік қорлар құру жөніндегі құқығы;
- өз бюджетіне заем негізінде ақша қаражаттарын тарту құқығы;
- өз бюджетіне байланыты қаржылық қатынастарды реттеу жөніндегі құқығы;
- өз бюджеттік құқықтарын сот арқылы қорғау жөніндегі құқығы;
- үнемделген бюджет қаражаттарын өз ұйғарымы бойынша пайдалану жөніндегі құқығы.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдарының бюджеттік құзыретін жалпы сипаттау, талдау оларды жергілікті әлеуметтік экономикалық, мәдени әрі саяси-әкімшілік ерекшеліктеріне, тиісті нормативтік құқықтық актілергі сай нақтыландыру қажет. Өзекті мәселелер қатарына жататын бюджетаралық қатынастарды басқару және жетілдіру мән-жайы мемлекет аумағындағы осындай қатынастардың субъектілері мүдделерінің теңестірілуін, сондай-ақ қаржы қаражаттарды бюджеттер арасында бөлудің анық әрі мөлдір болуын қамтамасыз етуге септігін тигізетін процес болып табылады [5].

Қорытынды. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары тарапынан әкімшілік аумақтық бірліктер көлемінде орталықтандырылған ақшалай қорлар жергілікті бюджет жүйесі мен бюджеттік құқық негізінде қалыптастырылатын және қайта бөлінетін қаржылық ресурстар нысанындағы қаражаттар қозғалысын көрсететін базистік қатынастарға жатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет жүйесін дамытуға және бюджеттік құрылыстың экономикалық әрі құқықтық негізін нығайтуға септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Сактаганова, И.С. Қазақстан Республикасының қаржы құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқулық. – Алматы: Эверо, 2016.
2. Весельская, Н.Р., Какимжанов, М.Т. Финансовое право Республики Казахстан: учебник. – Алматы, 2015.

3. Қуаналиева, Г. А. Қаржы құқығы (оқу құралы).– Алматы: Қазақ университеті, 2017.
4. Ручкина, Г.Ф..Бюджетное право: учебник. – Москва: Прометей, 2020.
5. Жанысбеков, М.А., Абдурахманов Н. А., Еркинбекова, А.С. Основы антикоррупционной культуры: оқу-әдістемелік құрал. – Караганда: АҚНҰР, 2023.